

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, оларды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, олардың материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету талаптары, пикет өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 шілдедегі № 48-5/2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 шілдеде № 7376 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 12-5/2 шешімі.

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 10.04.2024 № 12-5/2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8 бабының 2 тармағы және 9 бабының 5 тармағына сәйкес, Көкпекті аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Көкпекті ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын.

2. Көкпекті аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 наурыздағы "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" № 45-2 (нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4449 тіркелген, "Жұлдыз"- "Новая жизнь" газетінде 2016 жылғы 10 сәуірде № 28 жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Көкпекті аудандық мәслихат хатшысы

Р. Кажиякберов

Т. Сарманов

Көкпекті аудандық
мәслихатының 2020 жылғы
3 шілдедегі № 48-5/2
шешіміне қосымша

Көкпекті ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, арнайы орындарды материалдық – техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 07.10.2020 № 51-5/17 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Көкпекті ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық – техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт түрде, қарусыз жиналу, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер және пикеттер өткізу құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Пикеттеуді қоспағанда, өзге орындарда бейбіт жиналыстар өткізуге тыйым салынады.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні жергілікті уақыт бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

2. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін Көкпекті ауылындағы Сейфуллин- К. Нурғалиев көшелерінің қиылысы арнайы орын болып белгіленсін. Материалдық-техникалық жабдықтау: жасанды жарық; электр энергиясын қосуға арналған нүкте; бейнебақылау және бейнебекіту; 15 автокөлік қою орны (5 кіру, 5 шығу). Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін шекті толтыру нормасы 100 адамнан аспауы керек.

3. Шерулер мен демонстрациялар маршруты: Көкпекті ауылы Жеңіс саябағынан Абай-Сейфуллин көшесімен Сейфуллин-К. Нурғалиев көшелерінің қиылысына дейін. Маршруттың ұзындығы 650 метрді құрайды; көше бойында жарықтандыру, бейнебақылау және бейнебекіту бар. Шектеулі толымдылық нормасы 100 адам.

4. Көкпекті ауданы әкімдігінің өкілі хабарламаны/өтінішті оң қараған кезде бейбіт жиналысты ұйымдастырушымен немесе ұйымдастырушының өкілімен бірлесіп, бейбіт жиналысты өткізу тәртібін келісу үшін бір күн бұрын арнайы өткізу орнына мынадай сұрақтар бойынша барады:

1) бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыларының айырым белгісі;

2) периметрді анықтау және өткізу орнының материалдық-техникалық сипаттамаларымен танысу үшін;

3) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) көзделген жағдайларда бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде ұйымдастырушының немесе ұйымдастырушы өкілімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін дыбыс деңгейі бар дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды, плакаттарды, транспаранттарды және өзге де көрнекі үгіттеу құралдарын, сондай-ақ, осы Заңмен қарастырылған көлік құралдарын пайдалану;

4) ұйымдастырушымен немесе ұйымдастырушы өкілімен бейбіт жиналыстар өткізу кезінде аудиовизуалды техника құралдарын, сондай-ақ бейне және фототүсірілім жасауға арналған техниканы пайдалану;

5) шеру және демонстрация маршрутымен танысу үшін.

5. Бейбіт жиналыс өткізілетін күні ұйымдастырушылар және оның қатысушылары Заңның 5 және 6 баптарының талаптарын сақтауы қажет.

6. Заңның 9 бабының 5 тармағында көзделген объектілердің іргелес аумақтарынан 150 метрден кем емес қашықтық пикет жүргізуге тыйым салынған шекаралар болып белгіленсін.